

# ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ ФЕНОМЕНІ: ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІ МЕН ӨНЕРІН ЖЕТІЛДІРУДЕГІ КРЕАТИВТІ БАСТАМАЛАРЫ

Шолпан Смайлова<sup>1</sup>, Бақыт Нүпейіс<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup>Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы  
(Алматы, Қазақстан)

**Аңдатпа.** Темірбек Қараұлы Жүргенов – Орталық Азия мен Қазақстандағы мәдениет пен өнердің қалыптасуына өлшеусіз үлес қосқан көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері. Ол 1933-1937 жылдары Қазақ АССР Халық ағарту комиссары қызметін атқарып, сауатсыздықты жою, білім беру жүйесін жаңғырту және ұлттық өнерді дамыту бағытында тарихи маңызы зор істер атқарды. Ұлы тұлғаның ел мәдениеті мен өнерін өркендету жолындағы үлкен бастамалары, бүгінгі таңда өз жалғасын тауып жатыр. Сондықтан уақыт алға жылжып, ұрпақтар алмасқан сайын Темірбек Жүргеновтің рухани мұрасын жаңа көзқараста зерттеу тақырыптың өзектілігін арттырады. *Әдістер:* зерттеу жұмысының әдістемелік негізін өнертанушылық ұстанымдармен қатар қайраткердің еңбек жолын талдаудың хронологиялық, тарихи-компаративтік, салыстырмалы-сараптамалық, ғылыми жүйелеу, деректанулық зерттеу әдістерін қолдану арқылы жүргізілді. *Мақсаты:* архивтік құжаттар мен тарихи дереккөздерге сүйене отырып, Темірбек Жүргеновтің қазақ ұлттық мәдениетінің қалыптасуы мен дамуына қосқан үлесін жүйелі әрі ғылыми негізде талдау. *Міндеттері:* Темірбек Жүргеновтің ағартушылық және мәдени-ұйымдастырушылық қызметін жан-жақты қарастырып, ұлттық өнерді кәсіби деңгейге көтерудегі жаңа бастамаларын анықтау. Кеңестік дәуір мен қазіргі кезеңдегі тарихи деректерді салыстыра отырып, қайраткер феноменін ашу. Темірбек Жүргеновтің ұлттық мәдениетті жаңғыртудағы көшбасшылық рөлін айқындап, оның тұлғалық тұғырының қазіргі тәуелсіз Қазақстан мәдениетінде де маңызын жоғалтпағанын зерттеу. *Нәтижелер:* Темірбек Жүргеновтің тікелей бастамасымен қазақ музыкалық драма театры, ұлттық оркестр, опера-балет театры, кино студиялары құрылып, жалпы мәдени өрлеу жүзеге асты. Ол халық шығармашылығын өрістетуге ерекше мән беріп, дарынды тұлғалар Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов, Жұмат Шанин, Бейімбет Майлин, Әбілхан Қастеев сынды тұлғалардың шығармашылық жұмыспен айналасуына мүмкіндік тудырды. *Зерттеудің тәжірибелік маңызы:* Оқырмандар бүгінгі тәуелсіз Қазақстан

жағдайында Темірбек Жүргеновтің идеялары – ұлттық білім мен мәдениетті дамыту, өнерді өрістету – мемлекеттік саясатта өз жалғасын тауып жатқанымен таныса алады. Өнер мен мәдениет саласында Темірбек Жүргеновтың рухани мұрасын зерттеумен айналысып жүрген жас ғалымдар бұл еңбекті қажетіне қарай қолдана алады. Қайраткер мұрасы тек тарихи тағылым емес, қазіргі мәдени өркендеуіміз үшін де сарқылмас қазына екендігіне көз жеткізеді.

**Түйін сөздер:** қайраткер, ағартушы, мәдениет, әдебиет, білім, ұлттық өнер, музыкалық театр, халық шығармашылығы, тарихи тағлым.

**Дәйексөз үшін:** Смайлова, Шолпан, және Бақыт Нұрпейіс. “Темірбек Жүргенов феномені: қазақ мәдениеті мен өнерін жетілдірудегі креативті бастамалары”. *Central Asian Journal of Art Studies*, Vol. 11, No. 1, 2026, pp.287–305, DOI: 10.47940/cajas.v11i1.1151

*Авторлар қолжазбаның соңғы нұсқасын оқып, мақұлдады және мүдделер қақтығысы жоқ екенін мәлімдейді.*

## Кіріспе

Өткен ғасырдың 1930-жылдары еліміздің ағарту, әсіресе білім мен мәдениет саласында терең өзгерістер мен жаңғыру кезеңі басталды. Қазақ ұлтының бай әдеби-мәдени мұрасын әлемге танытып, сапалы түрде сақтау, жаңғырту жұмыстарының қазығы бекітілді. Елдегі мәдени жаңғыру, ұлттық өнерді кәсіби қалыптастыру кезеңі Темірбек Жүргенов қызмет атқарған уақытқа тұспа-тұс келді. Бұл жұмыстардың ең қиыны – ұлттық болмысты айшықтауға тыйым жасаған кеңестік саясат еді.

Қырық жасқа толмайтын ғұмырында Орталық Азиядағы үш республиканың (*Қазақстан, Өзбекстан, Тәжікстан*) білім-мәдениет, ағарту саласына орасан зор еңбек сіңіріп, бүгінгі күнге дейін ғасырға жуық уақытта жалғасып келе жатқан даму даңғылының алғашқы соқпағын салды. Орталық Азия халықтарының көбіне ұқсас мәселе – ұлттық мәдени мұраны кәсіби айналымға қоса алмау. Темірбек Жүргеновтың аманатқа адал еңбегінің басты нәтижесі – осы елдердегі мемлекет құраушы

ұлттардың білім алуына жол ашу, мәдениетін әлем дидарында айшықтау әрі заманның талабына лайықтап дамыту, сақтау еді. Аталған елдерде Халық ағарту комиссары (*бүгінгінің өлшемінде – Министр*) қызметін атқарып, білімі мен біліктілігін көрсетті. Ол Қазақ АКСР-нің Халық ағарту комиссары болып 4 жыл ғана жұмыс атқарды. (*Иманғалиев, 20*). Осы аз уақыт оның арманындағы дүниенің алғышартын жасауға жеткілікті болды. Біз дәл осы мақаламызда ұлт қайраткері Темірбек Жүргеновтің мәдениет саласын түлетуге негіз болған бастамаларына, оның басын бәйгеге тіге жүріп тәуекел еткен амал-әрекеттеріне бойлауға тырысамыз. Ғылыми мақаланың концептуалдық шеңбері – Темірбек Жүргеновтың мәдениет саласындағы қайраткерлік еңбегін айқындау болып табылады.

Темірбек Жүргенов 1898 жылы қазіргі Қызылорда облысы Жалағаш ауданына қарасты Жаңаталап ауылында дәулетті отбасында дүниеге келген. Әкесі сол аймақтағы ауқатты азамат ретінде ұлына заманауи білім беруге ден қойған. Ол 19 жасына дейін Тұрмағамбет Ізтілеуовтен

өмірінің соңына дейін азық болған рухани білім алған, Қызылордада (Перовск) орыс-қазақ училищесін тәмәмдаған. Кейін Уфадағы училищеге түсіп, кейін азаматтық соғыстың салдарынан бұл оқуын толық аяқтай алмайды. 20 жасында «Қазақ мұңы» газеті редакциясына мүшелікке алынып, 25 жасына дейін Орынборда жұмысшылар факультетін бітіріп, кейін құқық бағытындағы білімін жалғастырған (*Иманғалиев, 12*).

Қаймағы бұзылмаған қазақы аймақта өмірге келіп, ұлт тарихында орны бар ерекше дарын иесі Тұрмағамбет Ізтілеуовтен білім алып, рухани-азаматтық болмысын толық қалыптастырған Темірбек Жүргеновке Уфадағы жер өлшеу бойынша алған білімі көп көмектескен. Ол саяси-экономикалық мәселелерге етене араласа жүріп, халықтың тағдыры таразыға түсіп тұрғанына әбден көз жеткізді (*Иманғалиев, 18*).

1926 жылы Темірбек Жүргенов Ташкенттегі жаңадан ашылған Қазақ педагогика институтының директоры болып тағайындалды. Басшылық қызметте жүріп, білім ордасына шығыстанушы Василий Бартольд, түрколог-лингвист Сергей Малов сияқты әйгілі ғалымдарды шақырып, білім беру бағдарламаларын әзірлеуге атсалысты (*Иманғалиев, 20*). Сонымен қатар жоғары оқу орындарына қажетті оқу құралдарын қазақ тіліне аударып, халық шығармашылығы үлгілерін жинақтауға көңіл бөлді. Алайда елдегі кадр тапшылығы оны мемлекеттік қызметтерге ерте араласуға мәжбүр етті. 1929 жылы Темірбек Жүргенов Тәжікстан КСР-інің Қаржы халық комиссары, ал 1930-1933 жылдары Өзбекстан КСР-інің Халық ағарту комиссары болып қызмет етті (*Иманғалиев, 34*). Басқа республикадағы жұмысы барысында ол қысқа мерзімде ондаған мектеп, кәсіптік оқу орындары мен театр ашуға мұрындық болып, жергілікті халықтың

білім алуына, сол аумақтағы байырғы халықтардың төл өнерінің дамуына негіз қалады. Бұл тәжірибе жас қайраткердің ұйымдастырушылық дарынын шыңдап, 1933 жылы туған елі — Қазақстанға оралуына жол ашты.

1933 жылы Темірбек Жүргенов Қазақ АССР-інің Халық ағарту комиссары болып тағайындалды. Бұл қызметте ол небәрі төрт жыл белсенді жұмыс істесе де, қазақ халқының ағарту ісі мен мәдени дамуында өшпес із қалдырды. Сол бір қиын-қыстау кезең — ұжымдастыру зардаптары мен ашаршылықтан кейінгі жылдары Темірбек Жүргенов жаңа билікпен бірге халықтың еңсесін көтеру, сауатсыздықты жою, ұлттық мәдениетті қайта түлету міндеттерін өзінің ішкі ұстанымына сәйкес жүзеге асырды. Бүгінде тәуелсіз Қазақстанның мәдениеті мен білімінің бастауларын зерттегенде, Темірбек Жүргеновтің есімі әрдайым алғашқы қатарда аталады. 2023 жылы халықаралық «ТҮРКСОЙ» ұйымының шешімімен түркі әлемінде «Темірбек Жүргенов жылы» деп жариялануы — тарихи тұлға мұрасының кеңінен мойындалғанының айғағы екені сөзсіз.

Зерттеудің жаңалығы мен ерекшелігі ретінде Темірбек Жүргеновтың елдегі мәдени жағдайды түзетуге, театр өнерінің алғышарттарының дұрыс қалыптасуына атсалысқан шешімдерінің нақты материалдармен дәйектелуі. Зерттеу барысында естелік еңбектер, архивтік құжаттар, кітаптардағы нақты баяндамалар, ғалымдардың зерттеулері қамтылды, шолу жасалды.

## Әдістер

Бұл зерттеудің әдіснамалық негізін тарихи-компаративтік талдау, деректанулық зерттеу, құрылымдық-функционалдық талдау және сараптау тәсілдері құрайды. Салыстырмалы талдау әдісінің қолданылуы Темірбек Жүргеновтің 1933-1937 жылдары жүргізген мәдени жаңғыру тәжірибесін

кеңестік биліктің мәдени саясатымен салыстыруға мүмкіндік береді. Кеңестік мәдени модернизацияның теориялық негіздерін Анатолий Луначарский «Культура и власть» (8) атты еңбегінде айқындап, мәдениетті жаңғыртудағы ағарту жүйесінің рөлін ерекше атап өтеді. Осы теориялық тұжырымдар Темірбек Жүргеновтің ұлттық мәдениетті реформалау бағытын анықтауда маңызды бағдар болды.

Игорь Курчаткиннің «Культурная политика СССР в 1930-е годы» еңбегіндегі салыстырмалы талдау Кеңес Одағының ұлттық республикаларда мәдени саясаттың іске асу ерекшеліктерін көрсетеді. Осы еңбекті қарастыра отырып, біз Темірбек Жүргенов жұмыс істеген республикалардағы мәдени және білім беру саясатында оның айрықша қолтаңбасы қалыптасқанын және жүргізілген саясат елеулі нәтиже бергенін көре аламыз (36).

Деректанулық әдіс Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивіндегі материалдарды, мысалы 81-қордағы деректерді сараптауда қолданылды. Дәл осы архив қорында Жүргеновтың қазақ халқының құндылықтарын сақтау туралы Ленинград академиясына жазған хаты сақталған (81-қор, 3-тізім). Архив деректерінің контентін ашып көрсету, олардың жасалу мақсатын анықтау және құжаттардың идеологиялық табиғатын талдау әдістемелік тұрғыдан маңызды болды.

Темірбек Жүргеновтің мәдениет саласындағы саяси шешімдерін жан-жақты талдау театр, музыка, көркемөнер оқу орындарын дамытудағы реформаларын бағалауға мүмкіндік берді. Бұл бағытта Алмажан Утегалиеваның «Темірбек Жүргенов: триумф и трагедия» монографиясы (11), Бейбіт Қойшыбаевтың «Комиссар Жүргенов» еңбегі (32-33), Айгүл Садықованың зерттеу мақалалары (4) негізгі дереккөз ретінде қолданылды. Сондай-ақ мәдениеттану бағытындағы

талдау барысында Питирим Сорокиннің «Әлеуметтік және мәдени динамика» («Social and Cultural Dynamics») және Шмуэль Эйзенштадтың «Модернизация: қарсылық және өзгеріс» («Modernization: Protest and Change») еңбектеріндегі мәдени трансформация теориялары басшылыққа алынды.

Бұл әдістер Темірбек Жүргеновтің мәдениет саласындағы реформаларын кең тарихи контексте қарастыруға және оның қызметін ұлттық мәдени модернизацияның өзегіне айналған феномен ретінде түсіндіруге мүмкіндік берді. Архивтік құжаттарды талдау және жарияланған еңбектерге деректанулық сараптама жасау арқылы мәліметтердің шынайылығын тексеру жүзеге асырылды. Зерттеу барысында жинақтау, жүйелеу, талқылау және қорытындылау сияқты ғылыми тәсілдер кешені қолданылып, алынған ақпараттың деректік негізіне ерекше мән берілді.

## Зерттеу материалдарына сипаттама

Мақалада пайдаланылған материалдар бірнеше санатқа жіктеледі. *Біріншіден*, Темірбек Жүргеновтің баяндамалары, мақалалары және қызметтік бұйрықтары тәрізді архивтік құжаттар мен сол дәуірдегі мерзімді басылым материалдары негізге алынды. Мәселен, 1930 жылдары қазақ және орыс тілдерінде жарық көрген «Еңбекші қазақ», «Советская степь», «Казахстанская правда» газеттеріндегі Темірбек Жүргеновтің мақалалары мен ол туралы жазбалар зерттеу нысанына айналды. *Екіншіден*, қайраткер өмірі мен қызметін талдаған тарихшылардың еңбектері кеңінен пайдаланылды. Олардың қатарында профессор Бақыт Нүрпейіс еңбектері, Алмажан Утегалиева құрастырған «Темірбек Жүргенов: триумф және трагедия» атты мұрағат деректеріне сүйенген монография, Айгүл Садықованың Темірбек Жүргеновтың мәдениет модернизациясындағы рөлі

туралы ғылыми мақаласы, Бауыржан Иманғалиевтің Темірбек Жүргеновтің әдеби-публицистикалық мұрасын зерттеген еңбектері (21), Бейбіт Қойшыбаевтың «Комиссар Жүргенов» еңбегі және басқа да зерттеу еңбектер бар. Үшіншіден, замандастарының естеліктері мен мемуарлары назарға алынды. Мысалы, Темірбек Жүргеновпен бірге қызметтес болған жазушы Ғабит Мүсіреповтің, актер Құрманбек Жандарбековтің естеліктері, композитор Евгений Брусиловскийдің мемуарындағы Темірбек Жүргенов туралы кесек пікірлері талданды. Бұдан бөлек, ғалымдардың Темірбек Жүргенов еңбек еткен уақыттағы қазақ мәдениетінің деңгейі туралы мақала да зерттеудің жаңа қырына негіз болды. «Ethnic and Cultural Aspects in the Development of Kazakh Theatres during the Independence Period: The Problems of Human Existence» (Mayemirov, et al, 211-212) деп аталатын мақалада қолданыстағы мәдени мұралардың аумалы-төкпелі кезеңде шұғыл түрде кәсіби айналымға қосылу қажеттілігі туралы айтылады. Сондай-ақ, халықаралық деңгейдегі басылымда жарық көрген «Transformation of ritual and folklore traditions in acting art» (Boldykov, et al. 518–519) мақаласы да қазақ театр өнерінің ұлт мәдениетіндегі жетекші бағыт екенін айқындап, Темірбек Жүргеновтың мәдени жаңғыру бастамаларының денін неліктен театр өнеріне негіздегенін айғақтауға бағдар болды. Бұл материалдар қайраткер бейнесін жан-жақты ашуға, оның мінез-құлқы мен ұстанымдарын тереңірек түсінуге көмектеседі.

Ал ҚР Орталық мемлекеттік архивтегі 81-қор 3 тізімдемедегі 289 істе келтірілген кейбір деректер де Жүргеновтың мәдениет саласына баса назар аударғанын аңғартады. Барлық дереккөздердегі ақпараттарға сыни талдау жүргізіліп, дәйексөз келтірілген тұстарда түпнұсқаға сәйкес сілтемелер берілді.

## Талқылау

Темірбек Жүргеновтің тұлғасын оның ұлттық мәдениетті жандандыру, қазақтың төл өнері мен бай мәдени мұрасын кәсіби түрде дамытып, айналымға қосу жөніндегі еңбектері тұрғысынан ашу маңызды. Кез келген Халық комиссары сияқты оның да негізгі міндетіне ағарту жұмыстары, білім беру саясаты мен мәдени саясатты жүзеге асыру шаруалары кіргенімен, ол өзінің мойнындағы аманатты сезіне отырып, қазақтың ұлттық мүддесіне еңбек етті.

Темірбек Жүргеновтің ел мәдениетіне сіңірген ең басты еңбегі — қазақтың кәсіби ұлттық өнерінің негізін қалауы. 1933 жылға дейін Қазақстанда европалық үлгідегі театр, музыка, бейнелеу өнері тәрізді салалар жаңа ғана қанат жая бастаған еді. Темірбек Жүргенов халық ағарту комиссариатын тек білім беру мекемесі емес, ұлттық мәдениетті өркендетудің штабына айналдырды. Ол әдебиет, театр, музыка, бейнелеу өнері сияқты салаларды жан-жақты дамытуға өзі тікелей жетекшілік етті.

Темірбек Жүргеновтың 1935 жылғы 5 маусымда «Қазақстанская правда» газетінде жарияланған «О языке, школе и борьбе за кадры работников культуры» (3) ұлттық өнер кадрларын даярлау мәселесі кеңінен айтылған. Автор мақаласында 22 театр құрылғаны және 600-ге жуық әртістің дайындық үстінде екенін айтады. Бұл — аз уақыт ішінде елдің мәдени арнасына жан бітіп, кәсіби мамандар даярлығы жүйелі жолға қойылғанын көрсететін айғақ. Бұдан бөлек, Темірбек Жүргенов қызметі кезеңінде өңірлердегі балалар үйінің тәрбиеленушілерін республикалық мекемелерге алдыруды да жүйелеген. Осы тәрбиеленушілердің нақты бір бөлігін театр, хореография сияқты маман жетіспейтін өнер салаларына бағыттап отырған. Бұл туралы профессор Ерлан Арын «Шарқайрақ» атты мақаласында: Ақтөбе облысының Тамда деткоммунасында он сегіз киномеханик,

бес фотограф, он бір музыкант, төрт суретші дайындалды. Ал Алматы, Шығыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан, Қарағанды облыстарында жалпы саны 180-нен астам бала музыка және хореография бағыттарына даярланды», - деп жазған (*Арын, Ғарифолла, 3-4*).

Алдымен, Темірбек Жүргенов ұлттық театр саласын кәсіби дамытуды, тіпті, қалыптастыруды қолға алды. Жүргеновтың бастамасымен 1934 жылы Алматыда музыкалық драма театры ашылып, тұңғыш рет кәсіби қойылымдар сахналана бастады. Бұл бүгінгі Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театрының бастауы еді. Театр шымылдығы композитор Евгений Брусиловский өңдеген алғашқы қазақ операсы — «Қыз Жібек» қойылымымен ашылып, басты партияны 22 жасар Күләш Байсейітова орындады. Жас театрдың құрылуына, дұрыс жұмыс істеуіне Темірбек Жүргенов қажырлы еңбек сіңірді. Оның өзі шығармашылық үрдісті бақылай отырып, әр қойылымның талқылануына қатысып, сын-пікірлерін ашық жазып, сын мақалалары арқылы жеткізіп отырған.

Мәселен, 1934 жылы Бейімбет Майлиннің «Шұға» пьесасының алғашқы қойылымына Темірбек Жүргенов сын мақаласын жариялап, қазақ драматургиясына жаңа мазмұн, өр рухты кейіпкерлер қажет екенін жазған. Бұл туралы тарих ғылымдарының докторы Өтеубай Қожақұлы «Ұлт мәдениеті мен Темірбек Жүргенов» атты мақаласында «Қазақтың театр өнері алдымен халықтың өз мүддесімен өсіп шыққан өнер түрі. Шұға — халықтың өзегін өртеген ақ жалындай ішке жұтқан шері, арман-аңсары ғой. Шұға — тұтас бір халықтың басқасоқ болған, тізеқақпай көрген талайлы тағдырының көркем образға бөленген бейнесі ғой», - деп баға береді (*Қожықов: 3*). Театр труппасының әрбір жетістігіне қуанып қана қоймай, тоқмейілсуге жол бермей, жаңа шығармалар іздеуді тапсырған.

Бейімбет Майлин либреттосын жазған «Шұға» қойылымы сол дәуірде музыкалық драма ретінде қабылданған. Алайда кейін бұл партитуралардың барлығын, әсіресе «Қыз Жібек» пен «Айман-Шолпан» келген соң жоғалтып жіберген (*Ахметова: 112*). Айтпағымыз сол кезеңде Темірбек Жүргенов Бейімбет Майлиннің еңбегіне былай деп баға берген екен: «Майлин жолдас әлеуметтік заттарды музыка арқылы терең ұсынуға қалай болатынын үлгі ретінде көрсетті» (Жүргенов: 4).

Халық әртісі Құрманбек Жандарбеков естелігінде: «Темірбек Қараевич театрдың шығармашылық өсуі үшін қаншама тер төкті. Ол жаңадан туып келе жатқан қазақ музыкалық театрының тұңғышына әкесіндей қамқор болып, әр премьераны жүрегімен қабылдады. Жүргеновтің сондай көңіл бөлуі мен сезімтал жетекшілігі бізге қосымша күш беріп, екі есе жігермен жұмыс істеуімізге себеп болды», - деп жазады (*Садықова: 111*). Бұл естелік жас өнер ұжымының қалыптасуына Темірбек Жүргеновтің тікелей рухани демеу болғанын көрсетеді. Ол қызмет жасаған кезеңде республикадағы театрлардың саны күрт артты: 1933 жылы түрлі деңгейдегі 6 театр ғана болса, 1937 жылға қарай 26 театр жұмыс істеп, оның жартысынан көбінде қойылымдар қазақ тілінде жүрді. Олардың арасында жаңа ашылған облыстық қазақ драма театрлары, сондай-ақ алғаш рет ұйымдастырылған Ұйғыр музыкалық-драма театры, Қызылорда корей театры (*қазіргі Республикалық мемлекеттік академиялық корей музыкалық комедия театры*) секілді этникалық театрлар да бар (Сүлейменов: 91).

Қиын кезеңдерде Темірбек Жүргенов «Хан-Кене» пьесасына байланысты да күрделі шешімдер қабылданған. ҚР Орталық мемлекеттік архивінің 141-қорында сақталған жиналыс стенограммасындағы Жүргеновтың «Раз так, то вопрос о «Кене-хане»

может оказаться историей или частичкой истории через некоторое время, и, когда мы ставим «Кене-хана», мы можем оторваться от истории. И, кроме того, Кене-хан сам по себе не интересует нас, а только как деятель определенного отрезка исторической эпохи» деген сөздері саяси жүрістің қаншалықты маңызды екенін көрсетеді (141 қор: 25).

Күрделі кезеңде өмір сүріп, ел бақыты үшін басын бәйгеге тіккен Жүргеновтың театр өнеріне қатысты еңбектері туралы белгілі театр сыншысы, өнертану докторы Бақыт Нұрпейіс былай деген: «Ісі мен сөзіндегі, мінезі мен өмір салтындағы табандылығымен, өткірлігімен Темірбек Жүргенов қазақ өнерінің көркемөнерпаздар дәрежесінде тоқырап қалған тірлігіне қозғау салып, күллі мәдениет жұмысын жандандырды. Мәдениет пен өнер, білім беру салаларында қайта құрулар жасады. Өкіметтің театрға байланысты қаулыларын негізге ала отырып, барлық облыс орталықтарында театр труппалары мен студиялар ұйымдастырды. Соның нәтижесінде 1934 жылы Орал мен Семейде, Шымкентте, 1935 жылы Петропавл мен Ақтөбеде, 1936 жылы Қарағанды мен Жамбылда (қазіргі Тараз қаласында), 1938 жылы Гурьевте (қазіргі Атырау) облыстық қазақ театрлары ашылып, халыққа мәдени қызмет көрсете бастады. Сонымен қатар Алматы қаласында Ұйғыр музыкалық драма театры (1934) және Қызылорда қаласында Корея музыкалық драма театры (1937, 1968 жылдан Алматы қаласында) жұмыс істеді. 1933 жылы Семей қаласында ұйымдасқан орыс драма театры (қазіргі Лермонтов атындағы Мемлекеттік академиялық орыс драма театры) бір жылдан кейін Алматыға көшіп келеді. 1937 жылы Қазақстанда жалпы саны жиырма екі театр жұмыс істеді» (41) Бұл көрсеткіш Жүргеновтың сол кез үшін жаңа өнер түрі болып саналатын театр саласын дамытуға айрықша мән бергенін нақтылайтын деректер.

1936 жылы Мәскеуге қазақ өнері мен мәдениетінің онкүндігін жоғары дәрежеде өткізуге Жүргеновтың сіңірген еңбегі зор болды. Онкүндікте қазақ елінің мәдени дамуы, Орта Азия халықтарының арасындағы өзіндік орны анықталып, ұлттық ерекшелігі, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы жан-жақты дамыған халық екені паш етілді. Жүргенов Мәскеуге музыкалық театрдан «Қыз Жібек» пен «Жалбырды» апаруды ұсынады. Оның бұл ұсынысын барша әдебиет пен өнер өкілдері бірауыздан құптайды. Белгілі актер Қанабек Байсейітов: «Бір қарасаң, Темкең театрдан шығып бара жатады, енді бір кезде айнала көз салсаң, сенің қалай ойнап жатқаныңды қадағалап дәл қасыңда отырады» - деп (114) еске алған. Қазақ халқының ұлылығын дәріптеп, болашағының болмысын бедерлейтін сәттің туғанын кеменгер ойшыл дәл танып, онкүндік басталғанға дейін «Мәскеуге аттанар алдында», «Халық шығармашылығының мерекесі», «Қазақ өнерінің декадасы», «Қазақ өнері бүкіл одақтық сахнада» атты мақалаларын жазып онкүндіктің ел тарихындағы маңызын түсіндірген.

Музыкалық театр репертуарындағы «Қыз Жібек» пен «Жалбыр» спектаклі Мәскеу көрермендеріне зор әсер етіп, орталық баспасөзде жоғары бағаға ие болады. Бұл қазақ әдебиеті мен өнерінің Одақ көлеміндегі алғашқы мерекесі, әрі саяси мәні бар оқиға еді. Қазақ халқының әні мен күйін, сөз өнерін талғампаз көрермендер жылы қабалдады. Кремль сахнасында өнер көрсеткен Күләш Байсейітованың (Жібек пен Қадиша), Қанабек Байсейітовтың (Төлеген), Құрманбек Жандарбековтың (Бекежан мен Жалбыр) бейнелері шынайы халықтық сипатымен ерекшеленді. Актерлердің шабытты ойыны мен талант күдіретімен сомдалған бейнелері олардың кәсіби шеберліктерін танытты. Халқымыздың суырыпсалмалық өнері мен рухани болмысы көпшілікті тәнті етті. Гомердей ұлы жырышы Жамбыл Жабаев

әлем әдебиетінің талай тарланбоздарын тамсантады. Осы сәтті өткен онкүндіктен соң, театр өнерін одан әрі өркендету мақсатында Қазақстан үкіметі бірнеше жаңа шаралар белгілеп, театрдың кәсіби мамандарын даярлау ісіне кіріседі (*Нұрпейіс: 161*).

Музыка өнері саласында да Темірбек Жүргенов ұшан-теңіз жұмыс атқарды. Ол 1934 жылы ұлттық ұлт аспаптар оркестрін құрды (*қазіргі Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық халық аспаптар оркестрі*). Бұл қазақтың байырғы күй өнері мен дәстүрлі музыкасын кәсіби орындаушылық деңгейге көтерген тың жоба болды. Оркестр құрамына домбыра, қобыз, сырнай сияқты халық аспаптарымен қатар, кейбір жаңадан жасалған аспаптар енгізілді. Сол жылы Қазақ мемлекеттік филармониясы мен музыкалық училищелер ашылып, кәсіби музыка мамандарын даярлау ісі басталды. Жүргеновтың шақыруымен Алматыға белгілі музыкант Александр Затаевич қайта келіп, қазақтың халық ән-күйлерін нотаға түсіру жұмысын жалғастырды. Жүргенов Затаевичке көптеген халық әндерін өз қолымен ұсынып, олардың шығу тарихын түсіндіріп берген екен. Нәтижесінде қазақтың музыка фольклоры жүйеленіп, классикалық мұра ретінде танылды (*Сүлейменов, 39*).

Сонымен бірге Жүргенов Қазақстанда балет өнерінің негізін қалауға атсалысты. 1930 жылдардың ортасында қазақ балеті атымен жоқ еді. Нарком Жүргенов Мәскеуден хореограф Александр Александровты арнайы шақырып, Алматыда классикалық би студиясын ашқызды. Болашақ бишілерді дайындау ісі жолға қойылып, ақын Шәкәрімнің «Қалқаман — Мамыр» поэмасының желісімен алғашқы қазақ балеті қойылды. Бұл балетте Шара Жиенқұлова басты партияны орындап, қазақ балет өнерінің жұлдызына айналды (*Садыкова, 10*).

Жүргеновтің тағы бір елеулі еңбегі — кино өнерін қалыптастыруы. 1934 жылы Алматыда алғашқы кино студиясы құрылды. Ленинградтық кинематографистердің көмегімен қазақ киносының іргетасы қаланып, нәтижесінде 1938 жылы тұңғыш дыбысты көркем фильм — «Амангелді» жарыққа шықты. Бұл фильмді түсіруге Жүргенов тікелей мұрындық болып, сценарийінен бастап дайындық процесін бақылады деген деректер бар. Сондай-ақ Жүргенов ұлттық кинематографияны дамыту үшін 1935 жылы арнайы қаулы қабылдатып, қазақ киноөндірісін ұйымдастыруды мемлекеттік деңгейде қолдады. Осы жылдары еліміздің түкпір-түкпірінде жылжымалы киноқондырғылар мен клубтар ашылып, ауыл жұрты алғаш рет кино өнерімен танысты. Кейін 1938 жылы алғаш дыбыстық фильм «Амангелді» фильмі түсірілді (*Садыкова 8*).

Халық шығармашылығын қолдау және таланттарды тәрбиелеу. Темірбек Жүргенов ұлт өнерін тек кәсіби институционалдық деңгейде дамыту ғана емес, оның түп тамыры — халық шығармашылығын өркендету ісіне де баса назар аударды. Ол 1934 жылы маусым айында Алматыда өткен Бүкілқазақстандық халық өнерпаздарының I слетін ұйымдастырушылардың бірі және тікелей қолдаушысы болды. Бұл слетке еліміздің түкпір-түкпірінен жүздеген халық өнерпаздары — әнші-жыршылар, күйші-домбырашылар, қобызшылар, сал-серілер, бишілер, колөнер шеберлері шақырылып, өз өнерлерін ортаға салды. Жүргенов слет қарсаңында баспасөз арқылы арнайы үндеу тастап, іріктеудің әділ өтуі, шын дарындардың тартылуы үшін бюрократиялық кедергілерге жол бермеуді талап етті. Ол кейбір жергілікті басшылардың халық өнеріне менсінбей қарауын сынап, слетке нағыз өнер иелері емес, басшылардың өздерін жібермекші болған әрекеттерін әшкереледі

(Сүлейменов 42). Жүргенов «слетке нағыз халық таланттары домбырашылар, қобызшылар, жыршылар баруы тиіс, бұл істі бюрократияның ойыншығына айналдыруға болмайды» деп қатаң ескерткен (Байсейітов 114).

Нәтижесінде слет қазақтың көптеген өңірлерінде тасада жүрген таланттардың ашылуына мүмкіндік берді. Дәулескер күйшілер мен жыршылар шырқау биігіне көтерілді. Мәселен, осы слетке қатысқан Жамбыл Жабаев секілді жыр дүлдүлдері елге кең танылып, кейін мемлекеттік деңгейде қолдауға ие болды.

Ал 1936 жылы Мәскеуде өткен қазақ көркемөнері мен әдебиетінің онкүндігі – Темірбек Қараұлының тікелей бастамасымен әрі қолдауымен жүзеге асқан абыройлы еңбек. Дәл осы онкүндік арқылы қазақ өнерпаздары өздерінің кәсіби қалыптасу қарқынын жалпы республика жұртына паш етті. Бұл туралы ақын, драматург Мақсұтбек Майшекин «Көркемөнер шеберлері» атты еңбегінде былай жазады: «1936 жылы мамырында Мәскеуге барған қазақ өнерпаздары Үлкен театр сахнасында қазақ көркемөнері мен әдебиетінің онкүндігі ең бірінші рет Ғабит Мүсіреповтың «Қыз Жібегімен» ашылды. «Қыз Жібек» рөліндегі Күләштің, Төлеген рөліндегі Қанабектің, Бекежан рөліндегі Құрманбектің, Шеге рөліндегі Манарбектің, Базарбай рөліндегі Қалыбектің рөлді орындау шеберліктері ерекше көзге түсті. «Қыз Жібектен» кейін қазақ театрының коллективі Бейімбет Майлиннің музыкалы «Жалбыр» пьесасын керсетті. Қазақ көркемөнерінің көрнекті қайраткерлерінің бірі – Ахмет Жұбановтың басқаруындағы жаңадан ұйымдасқан халық музыка аспаптар оркестрі қазақтың бірнеше көңілді күйлерін сәнді сазымен орындап, тыңдаушыларды тамаша сүйсіндірді. Сөйтіп, қазақтың жаңа өсіп келе жатқан көркемөнерінің аз уақыт ішінде қол жеткен творчестволық

табыстарын Москва халқы аса жоғары бағалады. Осы он күндікте өздерінің өте шебер орындаушылығымен ерекше көзге түскен бірсыпыра көркемөнер қайраткерлері ордендермен, медальдармен марапатталды. Олардың ішінде Қалыбек Қуанышбаев, Күләш Байсейітова, Құрманбек Жандарбеков, Серке Қожамқұлов, Елубай Өмірзақов, Манарбек Ержанов, Қанабек Байсейітов бар еді» (76).

Темірбек Жүргенов дарынды жастарды тауып, тәрбиелеу ісін мемлекеттік саясат дәрежесіне көтерді. Ол өнер және мәдениет мамандарын даярлау үшін қазақ жастарын Кеңестер Одағының орталық қалаларына оқуға жіберіп отырды. Мәскеу, Ленинград секілді орталықтарда қазақтың көптеген талантты жастары Жүргеновтің қолдауымен білім алып қайтты. Белгілі биші Шара Жиенқұлова, әнші Күләш Байсейітова, композитор Латиф Хамиди, суретші Әбілхан Қастеев сияқты өнер саңлақтарының қалыптасуына комиссардың тікелей қамқорлығы тигені архив деректерінен белгілі. Мәселен, Әбілхан Қастеевке кәсіби білім алу үшін қаржылай көмек көрсетіліп, Мәскеуге оқуға жіберілген. Сол сияқты жас суретші Әмен Хайдаров пен болашақ мүсінші Құрасбек Дубәкіровты бала кезінен өнерге баулып, 1930 жылдары арнайы стипендия тағайындағаны айтылады. Жүргеновтың талантты қазақ жастарын оқуға жіберуді нақты ұстаным ретінде бекіткеніне дерек көп. Тағы бір айғақ ретінде қазақтың әйгілі режиссері Асқар Тоқпановты Мәскеу қаласындағы Ресей театр өнері институтына оқуға жібергенін айтуға болады. Бұл туралы Асқар Тоқпанов өзінің «Іңкәр дүние: режиссердің ой толғамдары» еңбегінде кеңінен жазған (48). Бұл – ұлт болашағына стратегиялық көзқараспен қараған Жүргеновтың қайраткерлік болмысының айғағы.

Жалпы, Темірбектің мәдениет саласындағы қызметі дәстүр мен

жаңашылдықты ұштастырумен ерекшеленді. Бір жағынан ол қазақтың бай фольклорлық мұрасын жинап, насихаттап, халқымыздың рухани қазынасын ардақтады. Екінші жағынан, осы мұраны сақтау негізінде еуропалық үлгідегі жаңа көркемөнер түрлерін өрістетті. Жүргенов үшін бұл екі бағыт бірін-бірі толықтыратын, тұтас ұлттық мәдениеттің қос қанатындай болды. 1936 жылы Мәскеуде өткен Қазақ әдебиеті мен өнерінің бірінші онкүндігі — осы саясаттың жарқын нәтижесі еді. Жүргенов онкүндіктің Бас ұйымдастырушыларының бірі ретінде қазақтың сахара мәдениетін Мәскеу төрінде танытып қана қоймай, оны Бүкілодақтық деңгейде мойындатуға қол жеткізді. Онкүндік концерті мен спектакльдерінде қазақтың күйі мен әні, жыры мен биі, опера-балеті мен драмасы бір сахнадан көрсетіліп, көпшілікті таңғалдырды. Нәтижесінде Жүргенов пен бірқатар өнер қайраткерлері КСРО үкіметі тарапынан жоғары марапат «Еңбек Қызыл Ту» орденін иеленді (*Садыкова 36*). Бұл — ұлттық мәдениетіміздің зор абыройға ие болған сәті болатын.

Алайда, Темірбек Жүргенов қолға алған игі бастамаларды соңына дейін жүзеге асыруға тарихи жағдай мүмкіндік берген жоқ. 1937 жылдың тамызында сталиндік репрессия толқынына ілігіп, Жүргенов «халық жауы» деген жаламен қамауға алынды. Оның зайыбы Дәметкен Ермекова да «халық жауының отбасы мүшесі» ретінде лагерьге айдалды. 1938 жылдың ақпанында КСРО Жоғарғы сотының Әскери алқасы Темірбек Жүргеновті ату жазасына кесіп, сол үкім дереу орындалды. «Темирбек Караулы Жургенов выездной Сессией Военной Коллегией Верховного Суда СССР 25 февраля 1938 г. за совершенные преступления, предусмотренные ст. ст. 58-2, 58-8, 58-9 и 58-11 УК РСФСР осужден к ВМН — расстрелу и трагически погиб» деп жазылған Алматы

қалалық Полиция департаментінің архивінде сақалған істе (*20.1*).

Бұл қайғылы оқиға қазақ мәдениеті мен ғылымының дамуына ауыр соққы болды — Жүргеновпен бірге көптеген алаштың ардақты азаматтары нақақтан нақақ атылып кетті. Дегенмен, Жүргеновтің бастаған ісі біржола тоқтап қалған жоқ. 1938-1939 жылдары қазақ мәдениеті саласының біраз жетекші тұлғалары қуғындалғанымен, соғыс жылдарынан кейін ұлттық мәдениетті қайта өркендету жалғасын тапты. Жүргеновтің аты ресми ақталмай, жарты ғасыр ұмыт қалғанмен, оның ұлы еңбегінің жемісі халық игілігіне қызмет ете берді. Темірбек Жүргеновтің өзі 1957 жылы КСРО Жоғарғы соты тарапынан толық ақталып, кінәсіз құрбан болғаны мойындалды. Тәуелсіздік жылдарында ғана қайраткер есімі қайта жаңғырып, лайықты құрметіне бөленді.

## Зерттеу нәтижесі

Темірбек Жүргенов тұлғасы мен қызметін талдау нәтижесінде бірқатар негізгі тұжырымдар анықталды. Зерттеу барысында оның еңбек бағыты бойынша білім-ағарту және мәдениет саласына басымдық берілді.

Жүргеновтің тікелей басшылығымен Қазақстанда жалпыға бірдей бастауыш білім беру жүйесі енгізіліп, ересектер арасындағы сауатсыздық жойылды. 1933-1934 жылдары қабылданған қаулылар нәтижесінде жаңа мектептер көптеп ашылып, әсіресе қазақ орта мектептерінің саны күрт артты. Қысқа уақыт ішінде Қазақстан бойынша жүз мыңдаған халық алғаш рет оқу-жазуға үйреніп, бұл өз кезегінде ұлттық мәдени өрлеуге негіз қалады. Сондай-ақ, университет, индустриалдық, медициналық, педагогикалық, ауыл шаруашылық институттары құрылып, ұлттық интеллигенцияны даярлайтын жүйе қалыптасты. Жүргенов білім беру саласында қазақ тілін толыққанды оқу

тіліне айналдыруға күш салып, ғылыми терминологияны қалыптастыруға атсалысты.

Темірбек Жүргенов 1930 жылдары Қазақ АКСР-інде бұрын болмаған кәсіби мәдениет инфрақұрылымын жасақтады. 1934-1936 жылдары оның бастамасымен ұлттық музыкалық драма театры (*қазіргі опера және балет театры*), симфониялық оркестр және халық аспаптар оркестрі, филармония, қуыршақ театры, ұйғыр және корей театрлары сияқты бірқатар өнер ұжымдары құрылды. 1934 жылы Алматы кино студиясы ашылып, бірнеше жыл ішінде алғашқы көркем және деректі фильмдер түсірілді. Осылайша қысқа мерзімде республикада театр, музыка, бейнелеу, кино өнерінің институционалды негіздері қаланды. Театрлар саны 1933 жылғы 6-дан 1937 жылы 26-ға жетіп, олардың жартысы қазақ тілінде қойылым қоятын болды (Сүлейменов 58). Бұл көрсеткіштер Темірбек Жүргеновтің мәдени құрылыс қарқынын айғақтайды.

Темірбек Жүргенов қазақтың бай мұрасын жинап, зерттеу және көпшілікке таныту ісін жүйелі түрде ұйымдастырды. 1934 жылғы халық өнерпаздарының слеті бүкіл қазақ даласындағы таланттарды тауып, ұлттық өнерді жаңа биікке көтерді. Халық ақын-жыршыларына, күйші-домбырашыларына мемлекеттік қамқорлық көрсетіліп, олардың шығармашылығын насихаттау жолға қойылды. Мысалы, Темірбек Жүргеновтің ұсынысымен халық ақыны Жамбыл Жабаевқа арнайы зейнетақы тағайындалып, оның өнерін бүкіл елге таныту жүзеге асты. Қазақ халық ән-күйлерін нотаға түсіру жұмысы жалғасып, Александр Затаевич құрастырған жинақтар жарық көрді. Темірбек Жүргенов ұлттық эпостар мен жырларды, қолөнерді де назардан тыс қалдырмай, оларды сақтап зерттеуді мәдениет мекемелерінің міндетіне айналдырды.

Темірбек Жүргенов көптеген дарынды жастардың жолын ашты. Ол өнерпаз жастарды Мәскеу, Ленинград сияқты орталық оқу орындарына жіберіп, шетелдік шеберлерден тәлім алуына жағдай жасаған. Күләш Байсейітова, Шара Жиенқұлова, Әбілхан Қастеев, Латиф Хамиди, Жұмат Шанин, Мұхтар Әуезов сынды мәдениет қайраткерлерінің өсіп-жетілуіне Темірбек Жүргенов тікелей ықпал етті. Ол оларды тиісті орындарға қызметке тартып, шығармашылықпен айналысуға материалдық әрі моральдық қолдау көрсетіп отырды. Әсіресе, Темірбек Жүргенов қазақ қыздарының өнер-білім жолына түсуін көп көтермелегені белгілі — оған дәлел сол жылдары мәдениет саласында жарқыраған қазақ қыздары. Темірбек Жүргеновтің осындай жанашырлығы нәтижесінде ұлттық мәдениеттің алтын қоры саналатын біртуар тұлғалар шоғыры қалыптасты.

Жоғарыда аталған нәтижелер Темірбек Жүргеновтің небәрі төрт жылдық қызметі барысында ұлттық мәдениетіміздің барлық дерлік саласында іргелі бетбұрыс жасағанын айқын көрсетеді. Ол іске асырған жобалар мен бастамалар қазақ халқының рухани жаңғыруының бастауы болып, бүгінгі тәуелсіз мәдениетіміздің тұғырын қалыптастырды.

## Негізгі тұжырымдар

Зерттеу нәтижелері Темірбек Жүргенов феноменін ұлттық мәдениет пен өнерді кәсіби арнаға түсіруге бағытталған мақсатты реформаторлық тәжірибе ретінде бағалауға мүмкіндік береді. 1930 жылдар кеңестік идеологиялық шектеулер күшейген уақыт болғанымен, дәл осы кезеңде білім, ағарту және мәдениет салаларын қайта құрудың нақты мүмкіндігі пайда болды. Жүргеновтің қызметі осы тарихи мүмкіндікпен қабаттасып, ұлттық мұраны сақтау мен жаңғыртуды практикалық басқару

шешімдері арқылы іске асыруға ұмтылды. Нәтиже ретінде ұлттық мәдени мазмұнды кәсіби сахналық және білім беру кеңістігіне енгізу, мәдени мекемелердің жұмысын жүйелеу, шығармашылық ортадағы кадр даярлауды күшейту және мәдениетке қолжетімділікті арттыру бағыттары бір мезгілде қозғалысқа түсті.

Кіріспеде қамтылған деректер Жүргеновтің басқару тәжірибесі тек Қазақстанмен шектелмегенін, Өзбекстан мен Тәжікстандағы жауапты қызметтері арқылы өңірлік деңгейде шыңдалғанын көрсетеді. Әртүрлі әлеуметтік ортада жұмыс істеу тәжірибесі оған мәдени саясаттың әмбебап қағидаларын және жергілікті ерекшеліктерді ескерудің маңызын бір арнаға тоғыстыруға мүмкіндік берген. Театр мен музыка саласында кәсіби стандарттарды орнықтыруға, оқу бағдарламаларын жетілдіруге, оқу құралдарын аударуға, халық шығармашылығы үлгілерін жинақтауға мән беруі осы бағыттың мазмұнын ашады.

Зерттеу барысында қолданылған архивтік материалдар мен жарияланған еңбектерді салыстыра талдау Жүргеновтің мәдениет саласындағы әрекеттерін асыра дәріптеусіз, деректік негізде бағалауға мүмкіндік берді. Құжаттардың идеологиялық ықпалын ескере отырып тексеру, дереккөздерді жүйелеу және жинақтау тәсілдері алынған қорытындылардың шынайылығын күшейтті. Сонымен қатар 1933 жылдан кейінгі әлеуметтік ахуалдың күрделілігі мәдениет реформаларының мәнін тереңдете түседі. Бүгінгі кезеңде оның мұрасының түркі әлемінде кеңінен танылуы тарихи тұлғаның қызметі уақытша науқан деңгейінде ғана емес, мәдени басқарудың тәжірибелік сабақтарын ұсынатын құбылыс ретінде бағаланатынын аңғартады.

## Негізгі тұжырымдар

Біріншіден, Темірбек Жүргеновтің креативті бастамалары ұлттық мәдени

мазмұнды кәсіби институттар мен білім беру жүйесіне енгізу арқылы кеңестік шектеулер жағдайында мәдени жаңғырудың тұрақты негізін қалыптастырды. Екіншіден, оның реформаторлық тәжірибесінің нәтижелілігі кадр даярлау, оқу бағдарламаларын жетілдіру және мәдени мекемелердің ұйымдық тұрақтылығын күшейту бағыттарының бір мақсатқа бағындырылып, қатар іске асуымен дәлелденеді. Үшіншіден, Жүргенов феномені мәдениетті қоғамның рухани қалпына келуіне ықпал ететін әлеуметтік ресурс ретінде қарастырудың тарихи үлгісін көрсетіп, қазіргі мәдени саясат үшін қолданбалы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

## Қорытынды

Темірбек Жүргенов — ХХ ғасырдағы қазақ мәдениеті мен қоғамындағы аса ірі тұлғалардың бірі. Зерттеу жұмысында нақтылы дереккөздерге сүйене отырып талданған оның қызметі Қазақстандағы мәдени төңкеріс үдерісінің көшбасшысы болғанын дәлелдейді. Т.Жүргенов ұлттық мектеп жүйесін қалыптастыру, жоғары білім мен ғылымның негізін қалау, кәсіби өнер ордаларын ашу, халық шығармашылығын жаңғырту және қазақ тілінің мәртебесін арттыру секілді сан-салалы бағытта орасан зор еңбек сіңірді. Ол қазақ ұлтының мәдениетін жаңа белеске көтеріп, оны дүниежүзілік мәдени қауымдастыққа таныстыруға жол ашты.

Әрине, Темірбек Жүргенов көтерген ұлы істің өрбуі сталиндік репрессияға түспа-түс келіп, оның өмірі қыршынан қиылды. Дегенмен, әділдік өз салтанатын құрып, Т. Жүргеновтың есімі ақталды, еңбектері қайта бағаланды. Бүгінде оның аты Қазақ ұлттық өнер академиясына беріліп, еліміздің ірі қалаларында көшелер, оқу орындары Темірбек Жүргенов есімімен аталады. 2023 жылы түркі әлемінде Жүргенов жылы аталып өтіп, халықаралық деңгейде ұлықталуы —

оның мұрасы уақыт белесінен асып, өнеге болып қала беретінінің дәлелі.

Бұл ғылыми мақала аясында жүргізілген салыстырмалы талдау Жүргенов феноменінің қайталанбас ерекшелігін көрсетеді. Ол кеңестік жүйенің шектеулеріне қарамастан, ұлттық рухани қазынаны сақтай отырып, жаңашыл мәдени үлгілерді орнықтыра білді. Жүргеновтің стратегиялық көзқарасы мен табанды еңбегі нәтижесінде қазақ мәдениеті қысқа уақыт ішінде артта қалған хәлден озық өркениет үлгілерін игерген деңгейге көтерілді.

Оның қазақ мәдениетін модернизациялау тәжірибесі Орта Азиядағы өзге елдерге де үлгі болды.

Темірбек Қараұлы Жүргеновтің өмірі мен қызметі — ұлттық мәдениет жолында жанкешті еңбек еткен қайраткердің жарқын үлгісі. Ол небәрі төрт-бес жылда атқарған істерімен халқымыздың руханиятын мәңгілік байытты. Бүгінгі тәуелсіз Қазақстан жағдайында Жүргеновтің идеялары өз жалғасын табуда. Сондықтан Темірбек Жүргенов мұрасы тек тарихи тағылым емес, қазіргі мәдени өркендеуіміз үшін де сарқылмас қазына болып қала береді.

#### **Авторлар үлесі:**

**Шолпан Смайлова** – негізгі мәтін жазу, аңдатпа жазу, дәйексөздерді іздеу, зерттеу тұжырымдамасын негіздеу, зерттеулерді жоспарлау, талдау жүргізу, мақала мен әдебиеттер тізімін құрастыру, қорытындыларды тұжырымдау.

**Бақыт Нұрпейіс** – негізгі мәтін жазу, аңдатпа мәтінін өңдеу, редакциялау, әдеби деректерді талдау және жалпылау, кеңес беру, ғылыми жетекшілік.

#### **Вклад авторов:**

**Смайлова Шолпан** – написание основного текста статьи, аннотации, поиск цитат, обоснование концепции исследования, планирование исследований, проведение анализа, оформление статьи и списка источников.

**Нурпейис Бақыт** – обработка, редактирование основного текста, текста аннотации, анализ и обобщение литературных данных, консультирование и научное руководство.

#### **Contribution of authors:**

**Sholpan Smailova** – writing the main text, the abstract, searching for the quotations, substantiating the study concept, planning the research, conducting the analysis, formatting the article and the reference.

**Bakyt Nurpeiys** – processing, editing the main text, the abstract text, the literature data analysis and generalization, consulting, and scientific advising.

### Дереккөздер тізімі:

- Утегалиева, Алмажан. *Темірбек Жүргенов: триумф және трагедия (1898-1938)*. Алматы, Smart University Press, 2023.
- Қойшыбаев, Бейбіт. *Комиссар Жүргенов*. Алматы, «Керемет медиа», 2023.
- Садыкова, Айгуль. «Темірбек Жүргенов – идеолог культурной модернизации в Казахстане в 30-е годы XX века». *Central Asian Journal of Art Studies*, 2018, №4, с. 109–117.
- Имангалиев, Бауыржан. «Темірбек Жүргенов». Алматы, «Қазақ университеті», 2018.
- Жүргенов, Темірбек. «Тіл, мектеп және мәдениет қызметкерлері кадрлары үшін күрес туралы». *Казахстанская правда*, 1935 жылғы 5 маусым. Қаралған күні – 7.01.2026 ж.
- Арын, Ерлан, және Әнес, Ғарифолла. «Шарқайрақ». 2014 ж. (<https://textarchive.ru/c-1596577-pall.html>) Қаралған күні – 5.01.2026 ж.
- Брусиловский, Евгений. *Дүйім дүлдүлдер: естеліктер*. Алматы, Ана тілі, 1995.
- Луначарский, Анатолий. *Культура и власть*. Москва, Госиздат, 1924.
- Mayemirov, A., et al. «Ethnic and Cultural Aspects in the Development of Kazakh Theatres during the Independence Period: The Problems of Human Existence». *Folklore: Electronic Journal of Folklore*, 2015, 62, pp. 201–224.
- Boldykov Zhandos, et al. «Transformation of ritual and folklore traditions in acting art». *Orçion, 11Año 35, Especial No.21*, 2019, pp. 513–530.
- Тоқпанов, Асқар. *Іңқар дүние: режиссердің ой толғамдары*. Алматы, Жалын, 1991.
- Қожықов, Өтеубай. «Ұлт мәдениеті мен Темірбек Жүргенов». *URKER*, Алматы, 2023, №8.
- Нүрпейіс, Бақыт. *Сахна шеберлері*. Алматы, «ТОО Universal Print Media», 2018 .
- Байсейітов, Қанабек. *Құштар көңіл*. Алматы, «Жазушы», 1977.
- Майшекин, Мақсұтбек. *Көркемөнер шеберлері*. Алматы: «Қазақ Мемлекеттік баспасы», 1959.
- Алматы қ. Полиция департаментінің Архиві, Қор 20, Тізім.1, Іс. 04321, т. 2
- Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Архиві. 81 қор, 3-тізімдеме, 289-іс, 15-жеке іс.
- Ахметова, Марина. «Іздену жолы және алғашқы қазақ операсы». *Қазақ ССР ҒА Хабарлары*, тіл-әдебиет сериясы. 1977, №3 (4), 18–19 б.

Жургенов, Темирбек. “Ушуга. К постановке в первом казахском государственном музыкальном театре”. *Казахстанская правда*, 1934, 21 июня.

Стенограмма совещания при отделе культуры и пропаганды ленинизма крайкома ВКП(б) по разбору пьесы Ауэзова «Кене-хан». ЦГА РК, ЦГА РК. Ф. 141. Оп. 1. Д. 7611.

## References:

Utegalieva, Almazhan. *Temirbek Zhyrgenov: triumf zhәне tragediya (1898-1938) [Temirbek Zhurgenov: Triumph and Tragedy (1898–1938)]* Almaty, Smart University Press, 2023. (In Russian)

Koishybayev, Beybit. *Komissar Zhyrgenov [Commissar Zhurgenov.]* Almaty, «Keremet Media», 2023. (In Russian)

Sadykova, Aigul. «Temirbek Zhurgenov – ideolog kulturnoy modernizatsii v Kazakhstane v 30-e gody XX veka» [“Temirbek Zhurgenov – Ideologue of Cultural Modernization in Kazakhstan in the 1930s”.] *Central Asian Journal of Art Studies*, 2018, №4, pp. 109–117. DOI: 10.47940. (In Russian)

Imangaliev, Bauyrzhan. *Temirbek Zhurgenov [Temirbek Zhurgenov.]* Almaty, «Kazakh University», 2018. (In Kazakh)

Zhurgenov, Temirbek. «Til, mektep zhәне мәдениет қызметкерleri kadrlary үshin kyres turaly» [«On Language, School and the Struggle for Personnel of Cultural Workers».] «Kazakhstan Pravda», 5 June 1935. (In Kazakh)

Aryn, Erlan, Anes, Garifolla. «Sharkairaq» [«Sharkairaq».] 2014. (<https://textarchive.ru/c-1596577-pall.html> . 5.01.2026 (In Kazakh)

Brusilovsky, Evgeny. *Dyyim dyldylder: yestelikter [The Great Maestros: Memoirs.]* Almaty, «Ana Tili», 1995. (In Russian)

Lunacharsky, Anatoly. *Kultura i vlast [Culture and Power.]* Moscow, «Gosizdat», 1924. (In Russian)

- Mayemirov, Askhat, et al. «Ethnic and Cultural Aspects in the Development of Kazakh Theatres during the Independence Period: The Problems of Human Existence». *Folklore: Electronic Journal of Folklore*, 62, 2015, pp. 201–224.
- Boldykov, Zhandos, et al. «Transformation of Ritual and Folklore Traditions in Acting Art». *Opción, Año 35, Especial №21*, 2019, pp. 513–530.
- Tokpanov, Askar. *Іңкәр дүниye: rezhisserdiң oy tolғamdary [Beloved World: A Director's Reflections.]* Almaty, Zhaly, 1991. (In Kazakh)
- Kozhikov, Oteubai. “Ұлт мәдениyeti мен Temirbek Zhurgenov” [“National Culture and Temirbek Zhurgenov.”] *Urker*, 2023, №8. (In Kazakh)
- Nurpeis, Bakyt. *Sakhna sheberleri [Masters of the Stage.]* Almaty: LLP «Universal Print Media», 2018. (In Kazakh)
- Baiseyitov, Kanabek. *Құсhtar көңил [A Yearning Heart.]* Almaty: «Zhazushy» Publishing House, 1977. (In Kazakh)
- Maishekin, Maksutbek. *Kөрkemөner sheberleri [Masters of the Arts.]* Almaty: Kazakh State Publishing House, 1959. (In Kazakh)
- Almaty қ. Politsiya departamentiniң Arkhivi [Archive of the Almaty City Police Department.] Fond 20, Inventory 1, File 04321, Vol. 2. (In Kazakh)
- Қазақстан Respublikasy Ortalyқ Memlekettik Arkhivi [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan (CSA RK).] Fond 81, Inventory 3, File 289, Personal file no. 15. (In Kazakh)
- Akhmetova, Marina. “Izdenu zholy zhәne alғashky қазақ operasY” [“The Path of Research and the First Kazakh Opera.”] *Proceedings of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR, Language and Literature Series*, 1977, No. 3(4), pp. 18–19. (In Kazakh)
- Zhurgenov, Temirbek. “Ushuga. K postanovke v pervom kazakhskom gosudarstvennom muzykalnom teatre” [“Ushuga. On the Production at the First Kazakh State Musical Theatre.”] *Kazakhstanskaya Pravda*, June 21, 1934. (In Russian)
- Stenogramma soveshchaniya pri otdele kultury i propagandy leninizma kraykoma VKP(b) po razboru pyesy Auezova «Kene-khaN» [Transcript of a meeting of the Department of Culture and the Propaganda of Leninism of the Regional Committee of the All-Union Communist Party (Bolsheviks) regarding the review of Auezov's play “Kene-Khan.”] *Central State Archive of the Republic of Kazakhstan (CSA RK)*, Fond 141, Inventory 1, File 7611. (In Russian)

Смайлова Шолпан, Нурпейис Бакыт

Казахская национальная академия искусств имени Темирбека Жургенова (Алматы, Казахстан)

### ФЕНОМЕН ТЕМИРБЕКА ЖУРГЕНОВА: КРЕАТИВНЫЕ ИНИЦИАТИВЫ В СОВЕРШЕНСТВОВАНИИ КАЗАХСКОЙ КУЛЬТУРЫ И ИСКУССТВА

**Аннотация:** Темирбек Жургенов – выдающийся государственный и общественный деятель, внесший исключительный вклад в становление культуры и искусства в Центральной Азии и Казахстане. В 1933-1937 гг. он занимал должность Народного комиссара просвещения Казахской АССР и осуществил меры исторической значимости в сфере ликвидации неграмотности, модернизации системы образования и развития национального искусства. Крупные инициативы этой личности, направленные на укрепление культурно-художественного потенциала страны, находят продолжение и в современных условиях. По мере исторического движения и смены поколений актуальность исследования духовного наследия Темирбека Жургенова возрастает и требует его переосмысления с новых научных позиций. *Цель:* на основе архивных документов и исторических источников осуществить системный и научно обоснованный анализ вклада Темирбека Жургенова в формирование и развитие казахской национальной культуры. *Задачи:* всесторонне рассмотреть просветительскую и культурно-организационную деятельность Темирбека Жургенова, выявить его новаторские инициативы по выводу национального искусства на профессиональный уровень. Сопоставляя исторические данные советского периода и современности, раскрыть феномен деятеля. Определить его лидерскую роль в модернизации национальной культуры и обосновать, что его личностный и ценностный потенциал не утратил значимости в культурном пространстве независимого Казахстана. *Методы:* методологическую основу исследования, наряду с искусствоведческими подходами, составили хронологический, историко-компаративный, сравнительно-аналитический, методы научной систематизации и источниковедческого анализа, примененные при изучении жизненного и профессионального пути деятеля. *Результаты:* установлено, что по прямой инициативе Темирбека Жургенова были созданы Казахский музыкально-драматический театр, национальный оркестр, театр оперы и балета, а также кинематографические студии, что в совокупности обеспечило заметный культурный подъем. Особое внимание он уделял развитию народного творчества и создал условия для активной творческой работы таких выдающихся деятелей, как Мухтар Ауэзов, Габит Мусрепов, Жумат Шанин, Бейимбет Майлин, Абылхан Кастеев. *Практическая значимость исследования:* читатели получают возможность увидеть, что в условиях независимого Казахстана идеи Темирбека Жургенова – развитие национального образования и культуры, поддержка искусства – продолжают реализовываться в государственной политике. Работа может быть использована молодыми исследователями, занимающимися изучением духовного наследия деятеля в области искусства и культуры. Наследие Жургенова рассматривается не только как исторический урок, но и как неисчерпаемый ресурс для современного культурного развития.

**Ключевые слова:** деятель, просветитель, культура, литература, образование, национальное искусство, музыкальный театр, народное творчество, историческое наследие.

**Для цитирования:** Шолпан Смайлова и Бакыт Нурпейис. «Феномен Темирбека Жургенова: креативные инициативы в совершенствовании казахской культуры и искусства». *Central Asian Journal of Art Studies*, Vol. 11, No. 1, 2026, pp. 287–305, DOI: 10.47940/cajas.v11i1.1151

*Авторы прочитали и одобрили окончательный вариант рукописи и заявляют об отсутствии конфликта интересов.*

Smaylova Sholpan, Nurpeis Bakyt

Kazakh National Academy of Arts named after Temirbek Zhurgenov (Almaty, Kazakhstan)

### THE TEMIRBEK ZHURGENOV PHENOMENON: CREATIVE INITIATIVES IN ADVANCING KAZAKH CULTURE AND THE ARTS

**Abstract.** Temirbek Zhurgenov was an outstanding statesman and public figure who made an exceptional contribution to the formation of culture and the arts in Central Asia and Kazakhstan. In 1933–1937, he served as People's Commissar for Education of the Kazakh ASSR and implemented initiatives of historic significance aimed at eradicating illiteracy, modernizing the education system, and advancing national art. His major undertakings to strengthen the country's cultural and artistic capacity continue to resonate in contemporary conditions. As history moves forward and generations change, the scholarly relevance of re-examining Temirbek Zhurgenov's spiritual and intellectual legacy increases and calls for a rethinking from new academic perspectives. *Purpose:* Based on archival documents and historical sources, to conduct a systematic and academically grounded analysis of Temirbek Zhurgenov's contribution to the formation and development of Kazakh national culture. *Objectives:* To comprehensively examine Temirbek Zhurgenov's educational and cultural-organizational activities and to identify his innovative initiatives that facilitated the professionalization of national art. By comparing historical data from the Soviet period and the present day, to elucidate the phenomenon of his leadership. To determine his role in modernizing national culture and to substantiate that his personal and value-based potential has not lost its significance within the cultural space of independent Kazakhstan. *Methods:* The methodological framework of the study, alongside art-historical approaches, includes chronological, historical-comparative and comparative-analytical methods, as well as methods of scholarly systematization and source criticism, applied to the examination of the figure's life and professional trajectory. *Results:* The study establishes that, on Temirbek Zhurgenov's direct initiative, the Kazakh Musical and Drama Theatre, the national orchestra, the Opera and Ballet Theatre, as well as cinematographic studios were established, which collectively ensured a notable cultural upsurge. He paid particular attention to the development of folk creativity and created conditions for the active artistic work of such prominent figures as Mukhtar Auevov, Gabit Musrepov, Zhumat Shanin, Beimbet Mailin, and Abylkhan Kasteev. *Practical significance:* The study enables readers to see that, in independent Kazakhstan, Temirbek Zhurgenov's ideas—advancing national education and culture and supporting the arts—continue to be implemented within state policy. The work may be used by early-career researchers studying his spiritual and cultural legacy in the fields of art and culture. Zhurgenov's heritage is considered not only as a historical lesson, but also as an inexhaustible resource for contemporary cultural development.

**Keywords:** statesman, educator, culture, literature, education, national art, musical theatre, folk creativity, historical heritage.

**Cite:** Sholpan Smaylova and Bakyt Nurpeis. "The Temirbek Zhurgenov Phenomenon: Creative Initiatives in Advancing Kazakh Culture and the Arts." *Central Asian Journal of Art Studies*, Vol. 10, No. 4, 2025, pp. 287–305, DOI: 10.47940/cajas.v11i1.1151

*The authors have read and approved the final version of the manuscript and declare no conflicts of interests.*

**Авторлар туралы мәлімет:****Сведения об авторах:****Information about the authors:**

**Смайлова Шолпан Арықбайқызы** – Өнертану кафедрасының 2 курс докторанты, Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы (Алматы, Қазақстан)

**Смайлова Шолпан Ариқбаевна** – докторант 2 курса кафедры искусствovedения, Казахская национальная академия искусств имени Темирбека Жургенова (Алматы, Казахстан).

**Smaylova Sholpan Arykbaykyzy** – 2nd-year doctoral student (PhD), Department of Art Studies, Kazakh National Academy of Arts named after Temirbek Zhurgenov (Almaty, Kazakhstan).

ORCID ID: 0009-0006-6306-0264  
E-mail: smash\_art@mail.ru

**Нұрпейіс Бақыт Кәкіқызы** – Өнертану докторы, Өнертану кафедрасының профессоры, Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы (Алматы, Қазақстан)

**Нурпеис Бакыт Какиевна** – доктор искусствovedения, профессор кафедры искусствovedения, Казахская национальная академия искусств имени Темирбека Жургенова (Алматы, Казахстан).

**Nurpeis Bakyt Kakikyzy** – Doctor of Art Studies, Professor, Department of Art Studies, Kazakh National Academy of Arts named after Temirbek Zhurgenov (Almaty, Kazakhstan).

ORCID ID: 0000-0002-7431-7233  
E-mail: bakytn\_70@mail.ru